

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2019 жылғы «6» желтоқсандағы
№ 1040 бұйрығына
5-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру туралы
20__ж. есеп беру кезеңі

Индекс: № 5 – Қ нысан

Мерзімділігі: ай сайын

Ұсынатын адамдар: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың
ПД Көші-қон қызметі басқармалары есеп беру айынан кейінгі айдың 1 күніне дейін

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетіне ұсынады.

Әкімшілік деректердің нысаны www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру туралы
(индекс – 5-Қ, мерзімділігі – ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру туралы» әкімшілік деректерді жинауға арналған бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысаны «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 20) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Толтырылған нысанды аумақтық полиция департаменттерінің көші-қон қызметі басқармалары ай сайын есеп беру кезеңінің соңындағы жағдай бойынша Excel-шаблон арқылы «Көші-қон полициясы» Ақпараттық жүйесіне енгізеді. Нысандағы деректер өлшеу бірлігімен толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. «1» бағанда Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарға ресімдеу жүргізілген елдің (өңірдің) атауы көрсетіледі;

2. «2» бағанда елдің коды (ӘАОЖ) көрсетіледі;

3. «3» бағанда Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар ресімделген адамдардың жалпы саны көрсетіледі;

4. «4» бағанда Қазақстан Республикасының паспортына ресімделген адамдардың саны көрсетіледі;

5. «5» бағанда Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігіне ресімделген адамдардың саны көрсетіледі;

6. «6» бағанда 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспорттарына және оларды жоғалту бойынша Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар ресімделген адамдардың саны көрсетіледі;

7. «7» бағанда туу туралы куәліктің негізінде алғаш жүгінген адамдардың жеке басын анықтау туралы қорытынды бойынша, Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар ресімделген адамдардың саны көрсетіледі;

8. «8» бағанда тегі, аты, әкесінің аты өзгеруі бойынша Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар ресімделген адамдардың саны көрсетіледі;

9. «9» бағанда ұлтын өзгерту бойынша Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар ресімделген адамдардың саны көрсетіледі;

10. «10» бағанда туған күнін, жерін өзгерту бойынша Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар ресімделген адамдардың саны көрсетіледі;

11. «11» бағанда жоғалтқан құжаттарды қалпына келтіру бойынша Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар ресімделген адамдардың саны көрсетіледі;

12. «12» бағанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша ҚР азаматтығына қабылдаумен байланысты Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар ресімделген адамдардың саны көрсетіледі;

13. «13» бағанда жеңілдетілген тәртіпте ҚР азаматтығына қабылдаумен байланысты Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар ресімделген адамдардың саны көрсетіледі.